ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ, БАЯНАУЫЛ АУДАНЫ БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ «ҮШҚҰЛЫН ЖАЛПЫ НЕГІЗГІ БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «УШКУЛУНСКАЯ ОСНОВНАЯ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ БАЯНАУЛЬСКОГО РАЙОНА, УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

«5» қаңтар 2025 жыл Үшқұлын аулы

**БҰЙРЫҚ** **№ 72-М** **ПРИКАЗ**

**Ата-аналарға арналған консультациялық пунктін ұйымдастыру туралы**

Білім туралы» ҚР Заңына және «Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру бойынша консультациялық пункттерге арналған нұсқаулықтар» сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен қамтылмаған мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына арнлаған консультациялық пункт ашылсын.

2. Консультациялық пункт қызметінің құрамы бекітілсін:

Тәрбиеші Айнакбаева Г. Т.;

Тәрбиеші Сабитхан М.;

Психолог Булганбай Б.;

Медбике Искакова М. С.

3. Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру бойынша консультациялық пункттерге арналған нұсқаулық басшылыққа алынсын.

4. Консультациялық пунктінің жұмыс жоспары бекітілсін.

5. Консультациялық пунктінің жұмысы туралы ақпарат мектеп сайтына, әлеуметтік желілерге жариялансын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Басшы: Ж.М. Бейсенбаева

Бұйрықпен таныстым: Г.Т. Айнакбаева

М. Сабитхан

Б. Булганбай

М.С. Искакова

БЕКІТЕМІН:
Басшы
________ Ж.М. Бейсенбаева
«___» ________________2025 ж.

2024-2025 оқу жылының консультативтік пуктің

# ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

| № | Мазмұны | Өткізу түрі | Мерзімі | Жауаптылары |
|---|---|---|---|---|
| 1 | «Кел танысайық» мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды анықтап, консультативті пунктке шақыру | Сұрақ- жауап, Буклеттер. | Қаңтар | Басшы |
| 2 | Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға педагогикалық көмек көрсету бойынша жұмыс жоспарын әзірлеу. Мамандардың жұмыс істеу кестесін бекіту. | Дөңгелек үстел | Қаңтар | Оқу ісі меңгерушісі, тәрбиешілер. |
| 3 | Консультациялық пункт жұмысы туралы ақпараттандыру мектеп сайты, әлеуметтік желілерге басылымдылықтарға жариялау. | Сайтқа жариялау. | Жыл бойы | КП мамандары |
| 4 | 2024-2025 оқу жылының консультативтік пунктінің жұмыс жоспарын талдау. | Дөңгелек үстел | Мамыр | КП мамандары |
| 5 | «Балақай» мектебінің жұмысын ұйымдастыру | «Балақай» мектебінің жұмысы | Тамыз | Жапан Б. |
| 6 | Ата-аналардың өтініші бойынша жеке жұмыстар мен кеңестер. | Жеке | Жыл бойы | КП мамандары |
| 7 | Ақыл-кеңестер тренингтер, шебер-сыныптар, буклеттер, таратылмалы жинақтар. | Жеке,ұжымдық | Жыл бойы | КП мамандары |

## Үшқұлын жалпы негізгі білім беру мектебінің «Үшқұлын» шағын орталығы бойынша ұйымдастырылған консультациялық пункт туралы ақпарат

Консультациялық пункт Шағын орталығы мен отбасы арасындағы өзара әрекеттің дәстүрлі түрлерінің бірі тәрбиешілердің ата-аналарға (заңды өкілдерге) жеке және топтық консультация беру қызметін іске асырады. Мектепке дейінгі ұйымның жұмыс тәжірибесінде тәрбиешілер ата-аналардың сұранысы негізінде немесе балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып консультация бере алады. Сонымен қатар шағын орталықтың психологі ата-аналарға (заңды өкілдерге) қандай да бір мәселе бойынша кеңес береді. Консультациялық пункттер мектепке дейінгі ұйымда жұмыс істейтін педагогтермен, психолгтармен және басқа мамандармен үнемі сөйлесуге мүмкіндігі жоқ ата-аналарға психологиялық-педагогикалық көмек беру, сондай-ақ балалардың үйлесімді дамуын қолдауға арналған.

Ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған консультациялық пункттің жұмысы білім беру саласындағы мемлекеттік саясат қағидаттарын іске асыруға, мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға көмек көрсетуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

Негізгі міндеттері:

-мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты даму мәселелері бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) әдістемелік көмек көрсету, мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіруге ықпал ету;

- ата-аналарға (заңды өкілдерге) бір жастан бастап мектепке даярлық тобына қабылданғанға дейін балаларды тәрбиелеу, оқыту мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету;

-ата-аналарға (заңды өкілдерге) диагностикалық көмек көрсету, мектеп жасына балалардың дамуындағы мәселелерді анықтау және диагностикалау;

- мектеп жасына дейінгі балалардың дене бітімі, психологиялық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу;

-мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрби отырған ата-аналарға (заңды өкілдерге) ақпараттық қолдау көрсету;

-тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасына тығыз ынтымақтастық орнату болып табылады.

Отбасымен педагогикалық ынтымақтастық орнату, ата-аналардың сұраныстарын толық қанағаттандыру мақсатында «Үшқұлын» шағын орталығыгнда қыркүйек айынан шағын орталыққа бармайтын балалар және олардың ата-аналарына тегін кеңес беретін ата-аналарға арналған консультациялық пункт жұмыс жасайды.

Консультациялық пунктті ұйымдастырудың формалары: жеке және топтық түрде жүргізіліп, педагогикалық, медициналық -сауықтыру, психологиялық бағыттырын қамтиды.

Консультациялық пунктінің байланыс телефоны: 4-02-06